


*Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі*


*№ 8, 2016*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*



**Берсімбай Р.І. Молекулалық биология. Оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2014. – 304 б.**


Кітапта нуклеин қышқылдары мен белоктардың құрылымы және қызметі, негізгі молекулалық-генетикалық процестер: репликация, транскрипция, трансляция, гендердің мутациясы мен репарация механизмдері, гендердің экспрессиясының реттелуі қарастырылған. Сондай-ақ жоғары организмдердің геномының және мобильді гендерінің ұымдасуы, гендік инженерия, клетка аралық және клеткаішілік сигналданудың молекулалық механизмдері, бағдарламаланатын клеткалық өлім (апоптоз) және хромосоманың молекулалық ұымдасуы қамтылған. Нуклеин қышқылдарының молекулалық гибридизациясы, гендердің синтезі, белоктардың біріншілік құрылымын және пептидтердің химиялық синтезін анықтау, белоктар мен нуклеин қышқылдарын зерттеу әдістері және құрылымы бойынша мәліметтер енгізілген.



**Мәнбазарұлы О. «ҚҰРАЛАЙЫМ». Таңдамалы өлеңдер жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015. – 288 б.**

Қытайдағы қазақ поэзиясының белгілі өкілдерінің бірі Орынғазы Мәнбазарұлының Қазақстанда жарық көріп отырған екінші кітабы. Арқалы ақынның бұл жинағына енген лирикалық жырларына туған жер мен табиғат, махаббат пен адамгершілік тақырыптары арқау болған.

Айшықты бояуы мен сырлы сезімімен оқырман көңілін баурап алатын ақын шығармалары Қытай елінде бірнеше кітап болып жарық көрген. Поэзия әлемінде елу жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп жүрген ақынның бұл жинағы да өлең сүйер қауымның ыстық ықыласына ие болары күмәнсіз. Қаламы төселген, ойы терең, тілі бай ақын, өмірден көргені мен түйгендерін көркем образдарды әдемі суреттей көзалдымызға әкеледі.




**Қарабаев Жомарт Әшімұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Т.В. Вдовухина, Г.И. Бельгибаева, А.Ж. Сақанова. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 2015. – 90 б.**

«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстанның «Экология» халықтық академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының бас ғылыми қызметкері Ж.Ә. Қарабаевқа арналған.




**Мадимарова Г.С., Нукарбекова Ж.М. Ғимараттар деформациясын бақылау: Университеттің Ғылыми әдістемелік кеңесі оқу құралы ретінде ұсынған. – Алматы: ҚазҰТУ, 2014. – 213 б.**

Оқу құралында ғимарат салудағы құрылыс саласындағы геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру, жобалық-ізденіс жұмыстарды геодезиялық қамтамасыздандыру, ғимараттар мен ғимараттарды алаңға көшіру, олардың жерасты және жерүсті бөліктерін салу кезіндегі геодезиялық жұмыстар және олардың салынған дәлдігін бақылау сұрақтары қарастырылған.






**Тұңғышбаев Қ. Қанға боялған күнделік. 1943. – Алматы, 2015. – 108 б.**

«Қанға боялған күнделік. 1943» атты бұл кітап қатардағы қазақ жауынгері Қалжан Тұңғышбаевтың 1943-1944 жылдары майданда жүріп жазған дүниесі. Қолжазба араға 70 жыл салып қана кітап болып жарық көріп отыр. Автор бұл жазбасын жас қазақ интеллигенттеріне арнап жазған екен.



**Баймолда Д. Польша күнделігі. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2015. – 184 б.**

Бұл публицистикалық зерттеу кітапқа белгілі ғалым, журналист Досан Баймолданың Польша елімен қайта табысқан күндеріне жасаған шолулары, Польша мен Қазақ елі арасындағы тарихи қарым-қатынас, достық байланыстар туралы ой-толғаныстары, көзбен көргендері мен ойға түйгендері және жол сапарлық жазбалары енді.



**Есенберлин І. Көшпенділер: роман-трилогия. – Алматы: «БПКА «Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы», 2015.**

**1-кітап: Алмас қылыш. – 380 б.**


**2-кітап: Жанталас. – 380 б.**


**3-кітап: Қаһар. – 380 б.**

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының XV ғасыр мен XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңдегі тарихын бейнелейтін көптомдық шығарма.

**Мұхаммед Қайдар Дулат ТАРИХ-И РАШИДИ. – Алматы: ҚазАқпарат, 2015. – 494 б.**

Мырза Қайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегі шығыс классикалық тарихнамасы үлгісінде жазылған жұмыс. Автор ол жөнінде: «Мен шарасыз және әлсіз халімді түсіне тұрып, өзімнің білімге жұтаң қаламымды бай мұраға бұрып, бұл еңбекті жазуыма мынадай қажеттілік негіз болды. Егер мен естіген тарихи фактілер мен өзім зерттеп білген мұсылман монғол хандары жөнінде жазу ісіне белсенділік танытып қолыма қалам алмасам, кейінгі ұрпақ бұл тарихтан мақрұм қалатын түрі бар. Ал егер бұл істі білімді бір топқа жүктесем, олар үлкен қиындыққа тап болар еді. Өйткені олар хандардың ахуалы мен жағдайын анық біле бермейтін. Бұдан басқа Мырза Қайдар өзінің тарихи еңбегін жазу жолында «Алланың кішкентай құлы ретінде жастайымнан ата-бабалардың өткен өмірін білу үшін монғол елінің әмірлері мен ақсүйектерінен сұрастырдым», - деген ойды айтып, олардың көбінің жасы жүзді алқымдап қалған қариялар болғандығын білдіреді. Ғалым өткен тарихты баяндаушылардың арасынан өз әкесін бөліп айтады. «Менің әкем (оған Алланың нұры жаусын!) және оның бауырлары - менің ағаларым (оларды Алланың өзі жарылқасын!) хандар жайында сенімді рауаяттарды айтып беретін еді. Одан бері талай уақыт өтіп, олардан ешкім де өмірде қалған жоқ», - дейді Зерттеуші мамандардың Мұхаммед Қайдар еңбегінің ең алдымен қазақ халқы мен қазақ хандығының қалыптасу барысы мен мезгілін анықтауда өзге еңбектермен салыстырғанда ерекше орын алатындығын бөліп айтуы, әрине, әбден орынды «Тарих-и Рашидиде» келтірілген дәлелді де нанымды фактілер қазақ халқы мен оның мемлекеттілігінің қалыптасуы барысында XIV-XVI ғасырлардағы тарихи оқиғалардың шешуші кезең болғандығы туралы пікірді негіздей түседі.







**Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған "Қазақстан Республикасы Конституциясының мәдени-тарихи өлшемі: мәселелері және болашағы" атты дөңгелек үстелдің жинағы = Сборник круглого стола на тему "Культурно-историческое измерение Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы", посвященной 20-летию Конституции Республики Казахстан / ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану ин-ты РМҚК, Ғылым ордасы РМК. - Алматы, 2015. – 50 б.**

Бұл жинаққа дөңгелек үстел материалдары кіріп отыр

**Берсімбай Р.І. Генетика. Оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015. – 400 б.**

Оқулық ретінде ұсынылып отырған «Генетика» лекциялар курсында генетиканың қысқаша даму тарихы, тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтары мен принциптері, тұқым қуалаушылықтың цитологиялық негіздері, ажырау кезінде әдеттегі сандық қатынастардың ауытқулары және оның себептері, гендердің өзара әрекеттесулері, жыныс генетикасы, жыныспен тіркескен белгілердің тұқым қуалауы, тіркесе тұқым қуалау және кроссинговер, хромосомаларда гендерді локализациялау мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ генетикалық процестерді түсіну үшін қажетті - клетканың құрылымы, митоздық және мейоздық бөлінулер қысқаша қамтылған. Кітапта генетикалық материалдың өзгергіштігі, геннің құрылымы және қызметі, гендер әсерінің реттелуінің молекулалық механизмдері, ДНК репарациясы, гендер рекомбинациясы, даму генетикасының механизмдері кеңінен қарастырылған. Соңғы тарауларда популяциялар генетикасы, эволюцияның генетикалық негіздері, адам генетикасының негізгі мәселелері және ген белсенділігінің эпигенетикалық өзгерістері мен канцерогенездің генетикалық механизмдерінің кейбір сұрақтары баяндалады.






**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» Ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы = Каталог книг на персидском языке редкого фонда Научной библиотеки «Ғылым ордасы» / Құраст. Ғ.Ә. Қамбарбекова; Бас ред. Қ.Е. Қаймақбаева; Жауапты ред. Ә.Қ. Муминов. – Алматы: «Ғылым ордасы» баспа үйі, 2015. – 400 б.**

Каталог Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы кітап қорларын сипаттауға арналған серияның жалғасы болып табылады және ол жазу мәдениетінің сабақтастығын көрсетеді. Бұл каталогқа литографиядан және типографиядан жарық көрген парсы тіліндегі сирек кездесетін кітаптар енген (1833-2001 жж.). Каталог қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, есімдер, шығарма көрсеткіштері, баспа аттары және сөздікпен қамтамасыз етілген.




**«Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана қорында сақтаулы шет тіліндегі сирек кездесетін кітаптардың мазмұндалған суретті библиографиялық көрсеткіші = Иллюстрированный библиографический указатель редких книг на иностранных языках, хранящихся в фонде Научной библиотеке РГП «Ғылым ордасы» / Құраст. Никитинская Н.В., Г.М. Абикова; Бас ред. Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы, 2015. – 224 б.**



Библиографиялық көрсеткіш «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасындағы сирек кітаптар қорының негізінде құрастырылды. Сирек кітаптар XVI-XIX ғғ. латын, француз, неміс, итальян, голланд, ағылшын тілдерінде шыққан басылымдар. Басылымда Италия, Франция, Германия және Нидерландтың кітап шығару үлгілері енгізілген. Көрсеткіш құрамында сирек атластар, саяхат суреттемелері, архитектуралық кітаптар, тарих, жаратылыс ғылымдары, сөздіктер, энциклопедиялар, романдар, өлеңдер ғылыми маңызды, тарихи, көркемдік, мәдени көзқарастар енгізілген басылымдар.

Көрсеткіштегі әрбір кітапқа берілген қазақ және орыс тілдеріндегі аннотациялар - оқырманға деректерді талғап, таңдауға көмектеседі.



**Қазақстан: тарих, қоғам, мәдениет: Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. (2015 жыл 16 қазан) = Международная научно-практическая конференция «Казакстан: история, общество, культура», посвященная 550-летию образования Казахского ханства (16 октября 2015 года). - Алматы, 2015. - 342 б.**




Жинақта «Қазақстан: тарих, қоғам, мәдениет» атты Халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары еніп отыр.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған конференция материалдарында Қазақстанның көне заманнан қазіргі күнге дейінгі тарихының маңызды кезеңдері қамтылып, Қазақ хандығының дамып өркендеуі туралы кеңінен қарастырылады, еліміздің қазіргі әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени даму мәселелеріне жете назар аударылады.



**Менің ғылымдағы өмірім. Ғалымдармен 21 сұхбат = Моя жизнь в науке. 21 интервью с учеными: Научное издание / М.К. Койгелдиев, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев, З.Б. Мырзатаева, М.Ш. Қалыбекова, Л.А. Бисембаева, С.Г. Белоус, Ә. Болатхан // Под ред. М.К. Койгелдиева. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014. – 472 б.**

Кітапта А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі, А.Бектұров атындағы химия ғылымдары және Д.Сокольский атындағы органикалық катализ және электрохимия институттарының жетекші ғалымдарымен жүргізілген сұхбат материалдары берілді. Онда ғылымдағы өмірі советтік кезеңде қалыптасқан аға буынның жүріп өткен жолы туралы сөз болады. Олардың ашқан жаңалықтары, шығармашылық жетістіктері келешек ұрпаққа зор ғибрат екендігі сөзсіз.



**Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы материалдар жинағының мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші / Құраст.: М. Шафиғи, Р.Т. Бірімжарова, Г.М. Абиқова, Г.Қ. Егеубаева; Бас ред. К.К. Әбуғалиева, Қ.Е. Қаймақбаева; Ғылыми ред. М. Шафиғи, П. Әуесбаева. - Алматы, 2015.**

**IV-кітап. I-бөлім. А-Е. – 248 б.**

**IV-кітап. II-бөлім. Ж-Ө. – 266 б.**

**IV-кітап. III-бөлім. П-Я. – 259 б.**

Оқырманға ұсынылып отырған бұл көрсеткіш 1975, 1979 және 1983 жылдары шыққан библиографиялық көрсеткіштің жалғасы. 4-кітаптың 1-3 бөлімдеріне енген материалдар кітапхана қорындағы №801-№1050 бумалардағы қолжазбаларды қамтиды. Көрсеткіш алфавиттік ретпен берілген.



**Есім Ғ. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Он төртінші кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 380 б.**


Бұл белгілі ғалым, жазушы Ғарифолла Есімнің «Сана болмысы» деген атпен 1994 жылдан бері шығып келе жатқан топтама еңбегінің он төртінші кітабы.

Кітапта қазіргі заманның өзекті саяси-философиялық, дүниетанымдық мәселелері баяндалған.



**Баят Е. Уақыт белдеуі: өлеңдер. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 208 б.**

«Уақыт белдеуі» атты жыр жинағына ақынның соңғы жылдары жазған тандамалы өлеңдері, жыр толғаулары еніп отыр. Ақынның өлеңдері адам, қоғам, өмір, тіршілік жайындағы ой-сезімі, көңіл күй түйткілдері, сан қатпарлы сана қалтарыстары көркем тілмен бедерленіп, пәлсапалық тұжырымдармен түйінделіп отырады. Поэтикалық нәзік иірімдердің, кестелі өрнектердің, әр түрлі бояулардың асқақ пафоспен, ақиқат шындықпен үндесуі өзіндік ерекшелігі болып табылады. Өлең-жырлардың ойы орамды, тілі шұрайлы, тау бұлағының таза тұнығындай-һәм асау ағысты меңзейді.




**Сәбден О. Абай және қазақ елінің болашағы. – Алматы, 2016. – 362 б.**

Халқымыздың дана да дара кемеңгері, данышпан ақыны әрі ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармалары мен қара сөздері қазақ халқын, жалпы адамзат баласын екі ғасырдан бері рухани құндылықтарға жетелеуде. Осыны негізге алған автор ХХІ ғасырда жаһандану заманына жаңа көзқараспен қарап инновациялық серпіліс беріп, әлеуметтік-экономикалық талдау жасап, алдағы цивилизациялық сұраныстарға лайық деген өзінің ой толғамдарын оқырмандарға ұсынып отыр. Бұл еңбекте Абайдың ой-тұжырымдарын ертеңгі ізгілендіру қоғамын құруға, оның моральдық кодексін жасауға пайдалану әрекеттері көрініс тапқан. Қазақ елін алға жетелейтін құндылықтардың тетіктері мен тың пікірлер берілген, болашаққа бағыттайтын жол мен жобалар да бар. Сондай-ақ, түркі әлеміне, қазақ еліне, жалпы әлемдік өркениетке елеулі үлес қосқан тарихи ұлы тұлғалар туралы қысқаша мәліметтер беріледі.




**Купешова С., Мұхтарова Қ.С. Стратегиялық менеджмент: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 178 б.**

Оқу құралында стратегия түсінігі, оның мазмұны мен мәні тереңдетіліп қарастырылған. Стратегиялық басқару эволюциясының тарихы беріліп, стратегияны құрастыру және жүзеге асыру үдерісі жан-жақты зерттелген.




**Өтепберген К.Е., Нүрсейтова Г.Б. Тәуекелді басқару: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 107 б.**

Оқу құралы экономика мамандығы бойынша білім алушылар мен тәуекелді басқару саласындағы мамандарға арналған. Оқу құралында келесі мәселелер қарастырылған: тәуекелдің мәні мен мазмұны; оның пайда болу себептері мен факторлары; тәуекелді басқару қағидалары мен негізгі ережелері; тәуекел түрлері мен жіктелуі, оларды басқару әдістері; тәуекелді сандық және сапалық талдау; тәуекелді хеджирлеу; форвардтық және келісімшарттар құру. Тәуекел деңгейін төмендету мақсатында әртүрлі әдістер қолданылады, оның ішінде тәуекелді эксперттік талдау; ми шабуылы; шешім қабылдаудың сценарийлер әдісі және т.б.



**Ғабдуллин Мәлік Ғабдуллаұлы / Құраст.: А.А. Жамигазина. Бас. ред.: С.Н. Негимов, ф.ғ.д. Жауапты ред.: Р.О. Кәрібжанова. Библиогр.ред.: Н.С. Машақова, А.Ж. Сақанова, Т.В. Вдовухина, Г.И. Белгібаева. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМҚ, 2015. – 184 б.**

Бұл кітап Кеңес Одағының Батыры, қосымша қатардағы гвардия полковнигі, КСРО ҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Ғабдуллин Мәлік Ғабдуллаұлына арналады. Кітапқа М. Ғ. Ғабдуллиннің өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер: биографиялық мәлідемелер, ол туралы еңбектер, үй мұрағатындағы құжаттар: суреттер, өлеңдер және еңбектерінің көрсеткіші енгізілген.



**Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы материалдар жинағының мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші. VI-кітап / Құраст. М. Шафиғи, Г.М. Абиқова, Г.Қ. Егеубаева; Бас ред. Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы, 2015. – 196 б.**

Оқырманға ұсынылып отырған бұл көрсеткіш 1975, 1979 және 1983 жылдары шыққан библиографиялық көрсеткіштің жалғасы. 6-кітапқа енген материалдар кітапхана қорындағы № 1162 - № 1327 бумалардағы қолжазбаларды қамтиды. Көрсеткіш алфавиттік ретпен берілген.



**Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел- шежіре», 2014.**

Т.1. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. «Абай» энциклопедиясында жарияланған ғылыми-теориялық мақалалар. – 384 б.

Т.2. Абайдың сөз өрнегі. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы Абай және қазақ әдеби тілі. – 580 б.

Т.3. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – 352 б.

Т.4. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – 412 б.


Т.5. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – 344 б.

Т.6. Сөз күдіреті. – 296 б.

Т.7. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – 664 б.


Т.8. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. – 292 б.






**Қазақ жазбаларындағы хандар шежіресі / Кіріспе, түркі-шағатай тілінен қазіргі әріптерге түсірген, факсимилесін, көрсеткіштерін дайындағандар М. Шафиғи, С. Саттарұлы, Г.М. Абиқова; бас ред. Ә.Қ. Муминов; ред. Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы: Ғылым ордасы, 2015. – 310 б.**

Кітаптың мақсаты «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы қорындағы ХУІІІ-ХХ ғасырлар аралығындағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты, түркі-шағатай тіліндегі қолжазба, баспа шежірелерді қазіргі әріптерге түсіру, факсимилесін жасап басып шығарып, оқырман қауымға ұсыну. Ұсынылып отырған деректер жинағы екі қолжазба шығармалар мен бір сирек кітап: «Хандар шежіресі» ХVІІІ ғ.; «Шыңғыс хан және оның билері» қолжазба генеалогиялары мен «Шыңғыс хан шежіресі» атты 1906 жылы Қазан қаласынан басылып шыққан шығарманы қамтиды.



**Ұлы реформатор - ДЭН СЯОПИН. Қытай тілінен аударылған. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2015. – 214 б.**

Қытай Халық Республикасының ұлы реформаторы Дэн Сяопин жайлы жазылған бұл кітап Қазақстан Республикасындағы Қытай Елшілігінің қолдауымен жарық көріп отыр. Дэн Сяопин бүгінгі Қытай елінің Социалистік мемлекет болып қалыптасуына, әлемдік геосаясаттан өз елінің лайықты орын алуына және экономикасының қарыштап өрлеуіне ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Сондай-ақ, ол артта қалған Аспан асты елін дамыған мемлекеттер қатарына енгізу арқылы қытай елінің көсеміне һәм әлемдік тұлғаға айналды. Әлемдік деңгейдегі реформаторды қазақ оқырмандары да танып білуі қажет. Сол мақсатта жарық көрген бұл жинақты Қытайдың «Ұлттар» баспасының мамандары қазақ тіліне аударып, кітап болып басылуына ерекше көмек көрсетті.



**Жүнісбаева Ж.Қ., Шүлембаева К.К., Өмірбекова Н.Ж., Берсімбаев Е.І. Жалпы генетика бойынша кіші практикум: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 82 б.**


Бұл оқу-әдістемелік құралда биология, биотехнология, балық шаруашылығы және кәсіптік балық аулау мамандықтарына арналған жалпы генетика курстары зертханалық сабақтары қарастырылған. Оны зертханалық сабақтарда, өзіндік жеке жұмыстарды орындау барысында, сонымен бірге есептер шығаруға қатысты қосымша мәліметтерді алу үшін пайдалануға болады.



**Мадимарова Г.С. Құрылыстағы геодезиялық жұмыстар: Оқу құралы. – Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 2015. – 265 б.**


Оқу құралында құрылыс саласындағы геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру, ғимараттар мен ғимараттарды алаңға көшіру, жобалық-ізденіс жұмыстарды геодезиялық қамтамасыздандыру, олардың жерасты және жерүсті бөліктерін салу кезіндегі геодезиялық жұмыстары мен салынған дәлдігін бақылау сұрақтары қарастырылған.

Ұсынылған оқу құралы құрылыста жүргізілетін геодезиялық жұмыстарды барынша толық қамтиды және өндіріс технологиясымен тікелей байланыса отырып көрсетілген.



**Терлікбаева А.Ж., Ефремова С.В. Әбдірәсіл Алдашұлы Жәрменов. «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» РМК-ның Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, екі мәрте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ғалым және ғылымды ұйымдастырушы: Қысқаша биографиялық очерк. – Алматы, 2016. – 80 б.**


Әбдірәсіл Алдашұлы Жәрменов Оңтүстік Қазақстан облысының Бабайқорған ауылында 1956 жылы дүниеге келген. Сол жерде 1971 жылы В.В.Куйбышев атындағы орта мектепті бітірді және 15 жасында Алматы қаласында С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің химия факультетіне оқуға түсті, онда ол ең жас Лениндік стипендиат болды.



**Әсіпұлы С. Өз заманының ұлы тұлғасы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. – 88 б.**


Бұл кітапта Қазақстан Ғылым академиясының академигі, биология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясы ғылымдары бөлімінің академик-хатшысы, белгілі ғалым Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер, естеліктер мен фотосуреттер жинақталған.

Кітап ғалымның туғанына 105 жыл толу қарсаңында шығарылып отыр.



**Жотабаев Н.Р. Ой-пікірлер, рецензиялар: Н.Р. Жотабаевтың ғылыми еңбектері мен публицистикалары туралы. – Алматы, 2015. – 128 б.**


Кітапта Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым, әрі публицист Нығмет Рахметұлы Жотабаевтың біраз ғылыми еңбектері мен публицистикалары туралы жазылған ой-пікірлер мен рецензиялар жарияланған.



**Мырзаберген Малбақұлы Малбақов. Биобиблиография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 64 б.**

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы ретінде ұсынылып отырған бұл көрсеткіш филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БЖҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Мырзаберген Малбақұлы Малбақовқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның өз еңбектері және ол туралы жазылған әдебиеттер енгізілді.




**Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2014. – 392 б.**

Кітапта қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың антропоэзектік сипаты көрсетіледі. Сондай-ақ зерттеуші қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың танылу үрдісін тіл білімінің қалыптасқан кезеңінен бүгінгі таңдағы еңбектерге дейін хронологиялық тұрғыдан сипаттайды.



**Исламбаева З.У. Терістік және шығыс өңірлердегі қазақ театрларының дамуы. Монография. – Алматы: «Тарих тағылымы» баспасы, 2015. – 248 б.**


Монография еліміздегі тәуелсіздік жылдарында іргесі қаланған Павлодар, Петропавл, Өскемен және қалыптасумен дамудың көпжылғы белесінен өткен Семей театрларының шығармашылық ізденістерін зерттеуге арналады. Мұнда ұлттық классикалық туындылармен бірге тарихи пьесалар және бүгінгі заманның басты бағытын білдіретін жаңа драмалық шығармаларға кең түрде талдау жасалған.



### **Смағұл Б. Оқ пен Отан: жыр кітабы. – Алматы, 2014. – 208 б.**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, қоғам қайраткері, отаншыл азамат, әскери тақырыпта қалам тартып жүрген Бақытбек Смағұлдың осынау «Оқ пен Отан» деп аталатын жыр жинағына ерлік пен елдік мұраттары өзек болған. Топтама алты бөлімнен тұрады. «Оқ пен Отанында» ақ пен қара майданында, өмірден түйген пайымдарын ел бірлігі мен тірлігіне ұластыра өлеңдер өрсе, «Ауған тозақтарында» нақты өз басынан кешкен, куә болған Ауған алапаты туралы жырлайды. «Рух жырлары» және «Туған елдің тұлғаларында» қазақ халқының асқақ рухы мен алып тұлғаларының болмысы паш етіледі. Соңғы бөлімдер «Қазақтың әр аймағы - ұлы мекен» һәм «Уақыт иірімдері» деп аталып, осы тақырыптағы ақынның жан тебіреністері жыр болып құйылған. Автор бейбіт күннің парқын, Тәуелсіздіктің нарқын жан-жүрегінен өткізе отырып, терең шынайылықпен жырлайды.

Кешегі Бауыржан мен Қасымдардың бүгінгі ізбасары Бақытбек Смағұлдың жыр жолдары кім-кімді де бейжай қалдырмасы хақ.



**«Хакім Абай даналығы» атты Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына арналған дөңгелек үстел материалдары. – Алматы: Ғылым ордасы, 2015. – 204 б.**

Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына арналған дөңгелек үстел материалдары берілген.



**Қазақ хандығынан Тәуелсіз Қазақстанға дейін: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. (22-23 мамыр 2015 жыл). – Астана: Мемлекет тарихы институты, 2015. – 360 б.**

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған конференцияның материалдар жинағына отандық және шетелдік ғалымдардың баяндамалары енгізілді. Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық сипаттағы мемлекет - Қазақ хандығының құрылуы, өрлеуі және құлдырауына қатысты өзекті тақырыптар жана тұрпатты мемлекетіміздің тарихымен сабақтастықта беріледі.




**Доскеева Б.Ж. Медициналық қазақ тілі. Жалпы медицина факультетіне арналған. – Алматы, 2014. – 242 б.**

Бұл оқу құралы жалпы медицина факультетінің студенттеріне арналған. Ұсынылған мәтіндердің тілі жатық, баяндалуы жүйелі, қарапайым әрі түсінікті. Болашақ мамандықтарына қатысты кәсіби лексиканы игеру үшін берілген тапсырмалар тақырыптың жалпы мазмұнын түсінуге, байыптауға, қысқаша ақпарат беруге, науқас адаммен сұхбат өткізе білуге, сырқатнама жазып үйренуге және студенттің қазақша сөйлеуін, ойлауын одан ары жетілдіруге бағытталған.



**Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2014. – 400 б.**


Еңбек функционалды және когнитивті грамматика мәселесімен айналысып жүрген тіл мамандарына, осы пән бойынша дәріс беріп жүрген оқытушыларға, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.



**Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр Алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде. Ғылыми басылым: М.Қ. Қойгелдиев, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев, Н.Д. Нұртазина, Ш.Т. Нұрман, М.Ш. Қалыбекова, З.Б. Мырзатаева, Е.Ә. Жалмағамбетов, Л.А. Бисембаева, Ә.Болатхан. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2015. – 244 б.**

Кітапта Алматы облысы Ескелді ауданы Н.Алдаберген атындағы ауылдың 1930 жылдардан бергі тарихы ұжымның жүріп өткен жолы мұрағат деректері мен өңір тұрғындарының биографиялық әңгімелері негізінде баяндалады. Сонымен бірге шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне тікелей атсалысқан қарапайым еңбек адамдарымен жүргізілген сұхбат материалдары берілген. Онда кеңестік кезеңдегі еңбек адамдарының күнделікті өмірі, тұрмыс-тіршілігі, материалдық жағдайы, көңіл-күйі сөз болады.







**«Жамбыл Жабаев – Ұлы Даланың алып жыршысы» = «Жамбыл Жабаев – народный поэт Великой Степи» = «Zhambyl Zhabaev – National Poet of Great Steppes» - Жыр алыбы Ж.Жабаевтың 170 жылдығына арналған – атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы, 2016. – 428 б.**

Жыр алыбы Ж.Жабаевтың 170 жылдығына арналған «Жамбыл Жабаев — Ұлы Даланың алып жыршысы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның жинағына енген мақалаларда «XX ғасырдың Гомері» атанған жыршы, жырау, ақынның өмірі мен шығармашылығы әдебиеттану, тілі білімі және әдістемелік қырынан жан-жақты қарастырылады.

**Ғылым туралы ұлттық баяндама. – Астана; Алматы, 2015. – 116 б.**

2014 жыл бойынша ғылым туралы ұлттық баяндама әлемдегі және Қазақстандағы ғылымның жай-күйі, даму үрдістері мен перспективалары, сондай-ақ ғылым дамуының басым бағыттары: «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, шикізат пен өнімді өңдеу»; «Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар»; «Өмір туралы ғылымдар»; «Елдің зияткерлік әлеуеті»; «Энергетика және машина жасау» бойынша отандық ғылымның айтарлықтай елеулі жетістіктерін қамтиды.





**Рустамов Н.Т., Азретбергенова Г.Ж., Жасузакова М.Ж. Активизация потенциала управления организации: монография. - Алматы: Экономика, 2015. - 140 с.**

Книга посвящена алгоритмической оценке потенциала организации, состоящего из трех компонентов: внутренний потенциал, внешний потенциал и потенциал управления. Ее цель - показать возможность и целесообразность использования методов теории активных систем (ТАС) для повышения эффективности функционирования организаций (предприятий, учреждений, фирм и т.д.). Описывается алгоритмический и программный инструментарий активизации потенциала управления. Их совокупность может рассматриваться как механизм, позволяющий создавать эффективную систему управления организацией.




**Онуприенко, С.П. Экологическая культура в сознании детей и взрослых Беларуси: грани становления = Ecological culture in the minds of children and adults of Belarus: the points of becoming. – Минск: Экоперспектива, 2015. – 212 с.**

В монографии впервые в практике научных исследований государств Восточной Европы на примере Беларуси осуществлен системно-структурный анализ положений экологической культуры с точки зрения их оценки различными категориями населения. Имеют место теоретико-методологические заключения, выводы, рекомендации автора — европейского эксперта в области социальной экологии. Инновационная особенность данной монографии — результаты исследований, дискуссий, размышлений учителей и учащихся старших классов СШ №126 г. Минска по актуальным вопросам экологической культуры в масштабах белорусского региона и проблем мировой цивилизации. Выводы и рекомендации способствуют активизации социально-экологических аспектов в системе образования Беларуси.



**Тасибеков К. Ситуативный казахский (Диалоги). – Алматы: ИП «Такеева А.Б.», 2015. – 272 с.**

Диалоги этой книги посвящены жизненным ситуациям, в которых необходимо уметь говорить на казахском и, которые в учебниках практически никогда не рассматриваются. Это диалоги о будущем казахского языка, путях развития нашего общества, интернациональных отношениях, экономической и политической ситуации в нашей стране, межнациональных браках и других вопросах широко обсуждаемых в обществе.



**Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: Айрис-пресс, 2014. – 560 с.**

Главный теоретический труд выдающегося отечественного историка, географа и этнолога Л.Н. Гумилева посвящен проблемам этнической истории и вопросам взаимодействия народов со своей средой обитания.

Написанная ярким живым языком книга Л.Н. Гумилева – не традиционное описание всемирной истории, а очень серьезная попытка объяснить причины глобальных исторических и экологических процессов. Пассионарная теория этногенеза представляет собой оригинальное научное открытие автора, совершенное на основе обобщения гигантского фактического материала, с применением методов гуманитарных и естественных наук.



**Малиничев Г.Д. Археология по следам легенд и мифов. – М.: Вече, 2014. – 384 с.**

При слове «археология» прежде всего, вспоминаются раскопки Помпеи и открытие гробницы Тутанхамона, находка Трои Г. Шлиманом и, может быть, скифские курганы... Однако из новой книги Германа Малиничева вы узнаете, что археологи искали (причем небезуспешно) реальные следы множества других, подчас легендарных городов, героев, забытых исторических эпох: не только местоположение трона царицы Савской или знаменитого критского Лабиринта, но и град Китеж, и даже Эдем, библейский рай! Пусть эта книга о великих открытиях станет открытием и для читателя.




**Барыкин В.Н. Неассоциативность в конечных системах. – Минск: Ковчег, 2015. – 220 с.**

Неассоциативность рассматривается в качестве математического средства для описания информационных процессов в системе, содержащей конечное число объектов. Предложена операция, ассоциированная со структурой объектов, представленных матрицами. Алгоритм операции генерирует таблицу произведения со свойством неассоциативности. Показано, что конечная система с такой операцией характеризуется согласованной системой законов. В частности, имеет место совокупность обобщенных алгебр Мальцева. Аналогично могут быть сконструированы алгебры на функциональных операциях. На этой основе возможна классификация конечных систем с физической точки зрения.



**Калганбаев Н.А. Маркетинг: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2015. – 312 с.**


Учебное пособие представляет собой основной учебный материал по дисциплине «Маркетинг», предназначено для подготовки бакалавров всех экономических направлений, изучающих использование современных маркетинговых инструментов в деятельности предприятий различных сфер деятельности. В учебном пособии раскрываются теоретические и практические основы маркетинга, освещены особенности формирования и развития маркетинга в Казахстане. Основные вопросы, рассматриваемые в рамках учебного пособия: понятие, виды, задачи, функции маркетинга, разработка маркетинговых решений и особенности их реализации на предприятиях и в организациях, подходы к разработке стратегии маркетинга и маркетинговых коммуникаций.



**Бычкова Е.И., Федорова И.А., Якович М.М. Иксодовые клещи (Ixodidae) в условиях Беларуси / НАН Беларуси, Науч-практ. центр НАН Беларуси по биоресурсам. – Минск: Беларуская навука, 2015. – 191 с.**

Представлены данные по видовому разнообразию и географическому распространению иксодовых клещей и их хозяев, экологическим аспектам формирования очагов паразитарных заболеваний человека с клещевой трансмиссией, изложены данные по генетическому анализу систематической принадлежности иксодид, влиянию различных форм антропогенной трансформации экосистем на видовой состав и численность иксодовых клещей. Важное значение имеют данные по распространению и численности членистоногих в условиях крупных промышленных центров, по выявлению факторов, влияющих на увеличение их численности на территории Беларуси. Большое внимание в книге уделено особо охраняемым природным территориям как резерватам иксодовых клещей и формированию очагов клещевых инфекций на данных территориях. Расширен и значительно дополнен список литературы новыми публикациями по данной проблеме в Беларуси и на сопредельных территориях.

**Барыкин В.Н. Новые возможности науки. – Минск: Ковчег, 2015. – 192 с.**



